

Бекітемін
«Рахияна» б/б менеджерісі
Баймұханова С.Т.



«Әдептілік әліппесі» вариативті компоненттік оқу қызметінің перспективтік жылдық жоспар

Ортаңғы «Қызғалдақ» тобы

2021-2022 оқу жылы

«Әдептілік әліппесі» жоспары

Тақырыбы:	Өтілетін күні:
1. Сәлемдесе білесіңбе?	1.09.2021
2. Ізгілік сөздер тәрбиесі	08.09.2021
3. Мейірімділік бізге жарасады	15.09.2021
4.Қонақта	22.09.2021
5.Сөйлеу мәдениеті	29.09.2021
6.Қонақ күтіп алу	06.10.2021
7. Қонақ күтудегі дәстүрлер	13.10.2021
8.Сыйлық беру	20.10.2021
9.Сыпайылық туралы әңгімелесу	27.10.2021
10.Сөз көркі-мақал	03.11.2021
11. Ас үстіндегі әдептілік	10.11.2021
12.Табиғатты қорғау	17.11.2021
13.Баға беру	24.11.2021
14. Баға беру	08.12.2021
15. Баға беру	15.12.2021
16.Өткенді қайталау	22.12.2021
17.Сұлулық туралы	29.12.2021
18.Қайрымдылық	05.01.2022
19.Орманшы ертегісі	12.01.2022
20.Отаным- Алтын бесігім	19.01.2022
21. Орманшы ертегісі	26.01.2022
22. Телефон	02.02.2022
23.Хаттар	09.02.2022
24.Кергенді көшеде	16.02.2022
25. Көлікте	23.02.2022
26. Мен шыншыл баламын	02.03.2022
27. Мен ұқыпты баламын	09.03.2022
28.Мен көмекшімін	16.03.2022
29.Жаңылтпаштар	30.03.2022
30.Сен құрметте оны	06.04.2022
31. Сен құрметте оны	13.04.2022
32.Көшеден өту	20.04.2022
33. Көшеден өту	27.04.2022
34. Мен шыншыл ұланмын	04.05.2022
35. Мен елімнің кішкентай азаматымын	11.05.2022
36. Мен елімнің кішкентай азаматымын	18.05.2022

Күні: 01.09.2021

- Білім беру саласы: Әлеумет.
- Оқу қызмет түрі: Әдептілік әліппесі.
- Тақырыбы: Сәлемдесе білесің бе?
- Мақсаты: Балаларды үлкендермен құрбы-құрдастарымен сәлемдесу, ізеттілік туралы түсінік беру, құрмет сезімдерімен тәрбиелеу.

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Қайырлы күн балалар, мен сендермен кездескеніме қуаныштымын. Қанеки бәріміз шаттық шеңберін құрайықшы.	Ізгі тілектер айтылады.
Ұйымдастырушылық ізденушілік	Топқа әже келеді, балаларға әдептілік дегеніміз не? Деп сұрақ қояды. Әже балалардың жауаптарын толықтырып әдептілікті түсіндіреді. Балаларға әдептілік туралы мақал – мәтелдерді жатқа үйретеді. Мақал – мәтел. 1. Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені. 2. Әдептілік ар – ұят, адамдықтың белгісі. 3. Әдепті бала ата – анасын мақтатар. Әдепсіз бала, ата – анасын қақсатар.	Балалар әжемен амандасады. Әдепті іс – әрекеттер туралы әңгімелеседі. Мақалды әжемен бірге қайталайды.
Реттеушілік – түзетушілік	Балалардың әдептілік туралы айтқан мақалдарын бағалап, мақтап мадақтау.	

Күтілетін нәтижесі:

Жасайды: Әдептілік іс-әрекет туралы әңгімелейді.

Түсінеді: Әдептілік, сыпайылық.

Қолданады: Мақал-мәтелдерді

Күні: 08.09.2021

- **Білім беру саласы: Әлеумет.**
- **Оқу қызмет түрі: Әдептілік әліппесі.**
- **Тақырыбы: Ізгілік сөздер тәрбиесі.**
- **Мақсаты: Балаларға күнделікті өмірде оқу тәрбие жұмысында ізгілік сөздерді пайдалана білуге үйрету. Әдепті сөйлеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу**

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балардың іс-әрекеті
М-к	Шаттық шеңбері. Тәрбиеші балаларды өздеріне таныс үлкен достық шеңберіне тұрғызып, өздеріне сенім артып, достық сезімдерін білдіруді сұрайды.	Достық сезімдерін білдіреді.
Ұ-і	Топқа дауласып екі бала кіреді. Тәрбиеші олардан не үшін дауласып жатқанын сұрайды. Олар өздерінің ойыншыққа таласып қалғанын айтады. Балалар мына екі бала бізбен амандасуды да ұмытыпты ғой -Балалар бұлардың жарамайды. Бірінші бір-бірімізбен амандасып алайық. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. -Балалар бір-бірімізді ренжітіп алсақ не дейміз? -Ал аналарымыз бізге тәттілер әкелсе не айтамыз? Өте жақсы ізгі сөздер айтып үйренуіміз керек.	Балалар дауласып кіреді. Кешірім сұраймыз, рахмет айтамыз.
Р-т	Тәрбиеші балалармен ізгіленген сөздерді айтып үйрете отырып оқу қызметін қортындылайды.	

Күтілетін нәтижесі:

Жасайды: Ізгі сөздер үйренеді.

Түсінеді: Ізгі сөздері.

Қолданады: Әдепті болуға үйретеді

Күні: 15.09.2021ж

- Білім беру саласы: Әлеумет.
- Оқу қызмет түрі: Әдептілік әліппесі.
- Тақырыбы: Мейірімділік бізге жарасады.
- Мақсаты: Балаларды мейірімділікке, мейірбан болуға тәрбиелеу. Мейірімділікті каталдықпен малыстыра отырып түсіндіру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шагтық шеңбері -Сәлеметсіңдерме балалар! Сендерді көргеніме қуаныштымын. Бір –бірімізді қолымыздан ұстап алақан жылуын сезінейіңк, енді бір-бірімізге жақсы сөздер айтайық.	Балалар шеңберге тұрып бір-біріне жақсы тілектер айтады.
Ұ.І	Топта музыка ойнап тұрады. Тәрбиеші балалардан музыкадан қандай әсер алғандығын сұрайды, музыкадан алған әсер туралы сурет салуды ұсынады тәрбиеші осы сұрақтардан мейірімділікті, ұамұорлықты байұағанын, ірұашан балалар бір-біріне үлкен-кішіге, жан-жануарларға, табиғатқа мейірімділікке болу керектігін түсіндіреді.	Балалар музыка тындап сурет салып бояғансоң, әрқайыссы әңгімелеп береді.
Р.Т	Тәрбиеші осы сұрақтардан мейірімділікті, қамқорлықты байқағанын, әрқашан балалар бір-біріне үлкен кішіге, жан-жануарларға, табиғатқа мейірімділікте болу керектігін түсіндіреді.	

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Мейірімділіктің не екендігін ,

Игереді: мейірімді, қамқор болуды,

Біледі: мейірімнің барлық адамға керек екенін.

Күні:22.09.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әдептілік әліппесі.

Тақырыбы: Қонақта

Мақсаты : балаларға қонаққа бару, қонақта өзін-өзі ұстауын,қонақты шығарып салу рәсімдері туралы түсінік беру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері: Тәрбиеші балалармен шеңбер құрып, бір-бірімен амандасады.Төмендегі өлең жолдарын бірге қайталайды. Бақшамызға барғанда. Жолыққан бір жандарға. Еркелеп ақ пейілмен, Қайырлы таң тілемін.	Балалар тірбиешімен бірге өлеңді қайталайды.
Ұ.І	Балалар ,сендердің үйлеріңе қонақтар келеме? Сендер сол кезде өздерінді қалай ұстайсындар? Дұрыс,өте жақсы, сен сендерге осы қонақ туралы өлең оқимын, ал тыңдандар. Жаңа жылдық кеште Көтеріміз көңіл біз Ертегілер елінен Бүгін біздің тойға Олар түгел келіпті Қасқыр шаппай қойға Құшыпты аю елікті Барыс,қоян,түлкі Қастықты енді білмепті.	Иа Иа Тәртіпті Тату боламыз. Тәрбиешінің сөздерін мұқият тыңдайды Аю ,елік,барыс,қоян, кірпі,қабан.
Р.Т	Бұл, жерде қонақ аңдар бір бірімен достық қарым қатнаста, қонаққа келген балар, рақметін айтып қонаққа өте қызықты болғанын айтып қоштасады.	

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Қонаққа қалай бару керек екенін,

Игереді: қонақ күту рәсімін

Білді: қонақта өзін ұстау ережесін.

Күні: 29.09.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Шешендік өнері.

Тақырыбы: сөлеуді мәдениеті.

Мақсаты: баланы сөйлеу мәдениеті арқылы кішіпейілділікке сөйлесу, қарым қатынас жасау кезіндегі ілтипаттылыққа тәрбиелеу. Сөйлесу стилін үйрету жолымен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.К	Балалар қане бәріміз бір-бірімізге жылы сөздерімізді айтайық. Балалар мен сендерді өте жақсы көремін.	Жылы сөздер айтады..
Ұ.І	Балалар өздерінен үлкен кісіге сен деп сқйлеген дұрыспа? Ал, қалай қоштасамыз ? Егер жолдасың көмектесе алғысыңды қалай білдіресің? «Достар» ойынын ұйымдастыру. Балаларға сыпайы сөйлеумен сіз, сен сөздерінің қолдану түсіндіру өлеңін оқып беру. Сонымен бірге сыпайы күлу керектігінде айту.	Жоқ дұрыс емес Сау болыңыз деп . Рахмет айтамыз.
Р.Т	Сұрақ қою арқылы тақырыпты қорытындылау, баларды мақтап мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: дұрыс сөйлеу мәдениетін,

Игереді: кішіпейіл болуды, ілтипаттылықты,

Біледі: сыпайы сөйлеуді «сіз,сен» сөздерінің мағынасын.

Күні:06.10.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Қонақ күтіп алу.

Мақсаты: Балаларға қонақты жақсы күтіп алып оларға сыйлық беру рәсімін ойын арқылы үйрету. Ізгілік сөздерді пайдалана білуге тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.К	Шаттық шеңбері. Қайырлы күн балалар! Мен сендермен кездескеніме қуаныштымын. «Жүректен жүрекке» ойынын ұйымдастыру.	Жылы тілектер айту..
Ұ.І	«Қуыршақ қарақат қонақта» Қонақты сыйлау, күтіп алу, рәсімін ойнату. Нұрбектің үйіне Арсенмен Кәусәр қонаққа барды, Нұрбек балаларды күтіп алып, сәлемдесіп, асқа шақырды. Тәтті торт пен жемістер берді. Нұрбектің анасы достарының келгеніне қуанышын білдірді. Балалар рөлге бөлініп ойнады, тақпақтар, әндер айтады.	Балалар рөлге бөлініп ойнады.
Р.Т	Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қортындылау рөлдерді жақсы ойнағандарын мақтап, мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қонақ деген ұғымды

Түсінеді: қонақ күтуді

Қолданады: қонаққа ілтипат жасауды.

Күні:13.10.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Қонақ күтудегі дәстүрлер

Мақсаты: Балалардың қонақ күту жайлы білімдерін тиянақты,әдептілікке ,адамгершілікке баулу. Тілдерін дамыту,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Керекті құралдар:суреттер, ж.р.о «Асхана»

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды күніміз.	Балалар бірге қайталайды..
Ұ.І	Балаларға қазақтың қонақжайлылығы ата-бабадан келе жатқан қанында бар дәстүр екенін түсіндіру. Қонақ келсе үйіндегі бар дәмдісін шығарып күтетін,»қонақ келіп калса» деп арнаы тәттілерін тығып отырады. «Қонақ келсе құт келер» Жақсы қонаққұт Жаман қонақ жұт деген мақал-мәтелдің мағынасын үйрету,оның мағынасын,маңызын үйрету мағынасының маңызын түсіндіру.	Балалар тәрбиешіні мұқият тындайды. Мақал-мәтелді қайталап айтады.
Р.Т	Ойын: «Қонақ күтеміз»рөлдік ойыны. -амандасу -үйге кіргізу -төрге шығару. -дастархан жайып,қонақ күту.	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды:қонақ күтудегі дәстүрлерді біледі.

Түсінеді:қонақ жайлылық ұғымын түсінеді

Қолданады: қонақтың көңіліне қарап әдеп сақтауды.

Күні: 20.10.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сыйлық беру туралы.

Мақсаты: Балаларды жұмбақ шеуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа ақындыққа баулу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері. Баларға суретті карточкалар тарқатылып сол суретіне сәйкес бір біріне тілек айтуды ұсыну.	Әли күндей күліп жүр.. Аят судай таза бол Даяна гүлдей әдемі бол
Ұ.І	Балалар сендер қандай отбасылық мерекелерді білесіңдер? -сендер үшін отбасындағы ең қуанышты күн қайсы? Балар біз бүгін сыйлық беру туралы әңгімелейміз. -Сыйлықты біз қай кезде дайындаймыз? Олай болса Н.Қадырбаевтың «Туған күн» әңгімесін оқып беремін, әңгіме бойынша сұрақтар дайындау.	Балалар жауаптары Әңгімені тыңдап сұрақтарға жауап береді.
Р.Т	Бүгінгі тақырып бойынша сұрақтар қойып сабақты қортындылау.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: мерекелерде сыйлық беретіні жайлы әңгімелейді

Түсінеді: сыйлық берудің маңыздылығы.

Қолданады: өздеріне қандай сыйлық ұнайтыны туралы әңгімелейді.

Күні: 27.10.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сыпайылық туралы әңгімелесу.

Мақсаты: Балаларға сыпайылық, әдептілік ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Сыпайы мәдениеті, әдепті болуға тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері. Шеңберге тұрып жылы лебіздер білдіру.	Бір-біріне тілек айту.
Ұ.І	Есік қағылып ішке қонаққа «Үш аю» келеді. «Қызыл телпек» келеді. Қызыл телпек үш аюдың үстіне шағым айтады. Педагог үш аюға олай жасамауын, сыпайы болуды бір біріне сыйлауды білетін білмейтіндерін сұрайды. Педпгог сыпайылық кішіпейілдік, әдептілік туралы түсіндіріп өтеді. Ойын: «Қайыссы дұрыс» Шартты: дұрыс және бұрыс жасап жақан іс әрекетінің суретін іледі. «Үш аю»өзінің кінәсін біліп кешірім сұрап, балалармен қоштасады.	Ертегі кейіпкерлерін тыңдайды Балалар дұрыс және бұрыс екеін ажыратады.
Р.Т	Балаларға қайсының әрекетінің дұрыс бұрыс екенін әңгімелету. Ізгі сөздерді қайталап айтқызу арқылы сабақты қортындылау..	Ізгі сөздерді айтады .

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: сыпайы болуды үйренеді

Түсінеді: сыпайылық әдептілік сөздерінің мағыналарын түсінеді.

Қолданады: ізгі сөздерді айта біледі.

Күні:03.11.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Сөз көркі мақал.

Мақсаты: мақалдар туралы түсінік беру . Балалардың ой өрісін дамыту,түсініктерін қалыптастыру.Ойлау қабілеттерін арттыру..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері. Тәрбиеші балалардың шаттық шеңберіне тұрғызып «Күн шуағы» ойынын ұйымдастырады.	Балалар ойынға қызығып қатысады.
Ұ.І	Балаларға мақалдар туралы түсінік беру, мақалдар үлкен ой- қорытындысы,мақалдар алуан тақырыпта болып бөлінеді. Еңбек,бірлік,ынтымақ,Отан, туған жер т.б Оқу білім жайлы әдет ғұрып,әдептілік туралы да мақалдар бар. Мақал қане балалар кім қандай мақал біледі. 1.Оқу білім бұлағы,білім өмір шырағы 2. Еңбек етсең ерінбей,тоядаы қарнын тіленбей. 3.туған жер алтын бесік.	Ертегі кейіпкерлерін тыңдайды Балалар дұрыс және бұрыс екеін ажыратады.
Р.Т	Балалармен бірге мақалдар жаттау. Сабақты қортындылау, сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. ..	Балалар бір-біріне баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: мақалдар жаттайды

Түсінеді:мақалдың мағыналарын түсінеді.

Қолданады: күнделікті өмірде қолданады.

Күні:10.11.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Ас үстіндегі әдептілік.

Мақсаты: Балаларға «ас адамның арқауы» деген мақалды түсінуге көмектесу. Ас үстінде әдеп сақтауды, тамақтануды өз әдебі мен мәдениеті бұрын ұғындыру. Әдепті болуға тәрбиелеу..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Теледидпрдпн «Алдар көсе» туралы мультфильм көрсету -Балалар Алдар көсе атамыз бізге көптеген хаттар беріп жіберіпті. Оқып көрейін. Мұнда ұлттық ойындар туралы сендердің білетін білмейтіндеріңді сқрапты. Мн сендерге Алдар көсе аталарының сұрақтарын қоямын. -«Бәйге», «Қыз қуу» деген ойындарды білетіндерің бар ма? -Көрдіндер ме? Тәрбиеші балаларға «Көкпар» ойынын ойнап көруді ұсынады.	
Ұ.І	Педагог сыпайылық кішіпейілділік,әдептілік туралы түсіндіріп өтеді. Ойын:»Қайсы дұрыс» Шарты:дұрыс және бұрыс жасап жатқан іс әрекеттің суретін біледі.	
Р.Т	Балалармен бірге мақалдар жақтау.. Сабақты қортындылау, сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап ,мадақтау.	Балалар бір-біріне баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Асты қадірлейді.

Түсінеді:Астың қадірін түсінеді

Қолданады: күнделікті өмірде қолданады.

Күні:17.11.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Табиғатты қорғайық.

Мақсаты: Балаларды табиғатты сүйуге, қоршаған ортаны танып білуге үйрету. Өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге, мейрімділікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Суреттер

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.К	Шаттық шаңбері: Арайлап бүгін атты таң, Шашаып бізге шуағын, Тілейміз сізге ақ таңның Қуанышын шаттығын Қайырлы таң, қайырлы күн, Қуанышты күн бүгін	
Ұ.І	Балар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр. Бір жерінде ыстық, Бір жерінде күн Бір жерінде түн Керемет алып кеткен Балалар біз қазір «жер шырайы» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: педагог қолындағы допты жер шары деп бір балаға лақтырады. Ал қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? Мекендейтінін шапшаң айтып кері лақтырады. Адам құстар ,жануарлар, жәндіктер, ағаштар, таулар, бұның бәрін бір сөзбен не деп айтамыз. Дұрыс айтасындар балалар. Ал енді экранға назар аударайық.	Әңгімені тындап сұрақтарға жауап береді.

	-Балалар тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді. Табиғат аясында жүргенде ережелерді сақтай білуіміз керек. «Алма ағашы мен адам» әңгімесін балаларға оқып беру. Балаларға су, ауа, туралы түсінік беру. Сусыз тіршілік жоқ екенін түсіндіру, ауа жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне қажет екенін түсіндіру. Су мен ауаға байланысты тәжірбиелер жасау. Сергіту сәтін өткізу.	
Р.Т	Көрдіндерма балалар жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне ауа мен су өте қажет. Табиғат аясында жүргенде үнемі әдепті болуымыз керек.	Балалар өз ойларын әңгімелеп береді.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қоршаған ортаны таниды.

Түсінеді: табиғатты сүйеді, қорғауды..

Қолданады: Тәжірбие жасап су мен ауа туралы әңгімелей.

Күні:24.11.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Бата беру

Мақсаты:Салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі бата туралы түсіндіруі.Бата беру адамды имандыққа,мезірімділікке тәрбиелейді.Батаны жатқа айтуға тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері Арайлап бүгін таң атты ,шашып бізге шуағын Тілейміз сізге ақ таңның Қуаныш пен шаттығын Қайырлы күн, қайырлы күн!	Шаттық шеңберін орындайды.
Ұ.І	Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан тамаша салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі-бата. Бұл дәстүр шығыс халқында, соның ішінде қазақтарда кеңінен тараған.Бата беру-жақсы тілек адал ниетті білдіру.Ақ бата адамға рухани күш қуат сыйлайды да,халық жақсылыққа сеніп,шаттық,ынтымақ,береке болады деп ырымдайды.Батаның бірнеше түрлері болады қысқасы,ұзыны болады.Дастарханың бай болсын.Қазан аяққа май болсын.Көңілің толы жай болсын. Сергіту сәтін орындау Ойын: «Қонақ күту.» Балалар біз бүгін бата берудің маңыздығын түсіндік. Үйге тапсырма батаны жаттап үйренеміз.	Педагогты мұқият тыңдайды. Батаны жатқа айтады.
Р.Т	Дастарханың бай болсын Қазан аяққа май болсын Төрт түлігің сай болсын Көңілің толып жай болсын	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Бата түрлерін біледі

Түсінеді:Батаның мағынасын түсінеді

Қолданады: Батаны жатқа айтады,

Күні:08.12.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Бата беру

Мақсаты:Салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі бата туралы түсіндіруі.Бата беру адамды имандыққа,меәзірмділікке тәрбиелейді.Батаны жатқа айтуға тәрбиелеу

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері Арайлап бүгін таң атты ,шашып бізге шуағын Тілейміз сізге ақ таңның Қуаныш пен шаттығын Қайырлы күн, қайырлы күн!	Шаттық шеңберін орындайды.
Ұ.І	Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан тамаша салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі-бата. Бұл дәстүр шығыс халқында, соның ішінде қазақтарда кеңінен тараған.Бата беру-жақсы тілек адал ниетті білдіру.Ақ бата адамға рухани күш қуат сыйлайды да,халық жақсылыққа сеніп,шаттық,ынтымақ,береке болады деп ырымдайды.Батаның бірнеше түрлері болады қысқасы,ұзыны болады.Дастарханың бай болсын.Қазан аяққа май болсын.Көңілің толы жай болсын. Сергіту сәтін орындау Ойын: «Қонақ күту.» Балалар біз бүгін бата берудің маңыздығын түсіндік. Үйге тапсырма батаны жаттап үйренеміз.	Педагогты мұқият тыңдайды. Батаны жатқа айтады.
Р.Т	Дастарханың бай болсын Қазан аяққа май болсын Төрт түлігің сай болсын Көңілім толып жай болсын	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Бата түрлерін біледі

Түсінеді:Батаның мағынасын түсінеді

Қолданады: Батаны жатқа айтады

Күні:15.12.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Бата беру

Мақсаты:Салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі бата туралы түсіндіруі.Бата беру адамды имандыққа,меәрімділікке тәрбиелейді.Батаны жатқа айтуға тәрбиелеу

Оқу қызмет кезендері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері Арайлап бүгін таң атты ,шашып бізге шуағын Тілейміз сізге ақ таңның Қуаныш пен шаттығын Қайырлы күн, қайырлы күн!	Шаттық шеңберін орындайды.
Ұ.І	Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан тамаша салт-дәстүріміздің ішіне кіретін сөз өнерінің бірі-бата. Бұл дәстүр шығыс халқында, соның ішінде қазақтарда кеңінен тараған.Бата беру-жақсы тілек адал ниетті білдіру. Ақ бата адамға рухани күш қуат сыйлайды да,халық жақсылыққа сеніп,шаттық,ынтымақ,береке болады деп ырымдайды.Батаның бірнеше түрлері болады қысқасы,ұзыны болады.Дастарханың бай болсын.Қазан аяққа май болсын.Көңілің толы жай болсын. Сергіту сәтін орындау Ойын: «Қонақ куту.» Балалар біз бүгін бата берудің маңыздығын түсіндік. Үйге тапсырма батаны жаттап үйренеміз.	Педагогты мұқият тыңдайды. Батаны жатқа айтады.
Р.Т	Дастарханың бай болсын Қазан аяққа май болсын Төрт түлігің сай болсын Көңілім толып жай болсын	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Бата түрлерін біледі

Түсінеді:Батаның мағынасын түсінеді

Қолданады: Батаны жатқа айтады

Күні:22.12.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Өткенді қайталай

Мақсаты: Өткен тақырыптарды еске түсіру.Әдептілікке ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.Балалардың тілін,ой-өрісін дамыту.қазақ халқының өнерін ,салт-дәстүрін,мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері Арайлап таң атты Алтын шуақ таратты Жарқырайды күніміз Жайнай түсті даламыз -Балалар көңіл-күйіміз қалай? -Ендеше керемет көңіл-күймен оқу қызметімізді басыайық.	Өте жақсы
Ұ.І	-Балалар бүгін бізде әдептілік сабағы.Бұл сабақтан біз көптеген әдепті іс-әрекеттер үйрендік. Қане айтайықшы қандай ізгі тілектер айта білесіндер? Қонақ күту дегенді қалай түсінеміз? -Балалар қоғамдық орында сендер өздерінді қалай ұстайсындар? -А.І сендер мақал-мәтел айта білесіндер ме? Суретпен жұмыс Сергіту сәті Бейне ролик көру.Көргендерін әңгімелеу. Оқу қызметін қорыту.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Р.Т	Ғажайып шеңберде тілектер айту	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Өткенді еске түсіреді

Түсінеді:Әдепті іс-әрекеттерді

Қолданады: Мақал-мәтелдерді

Күні: 29.12.2021ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сұлулық туралы

Мақсаты: Сұлулық ,әдемілік сөздерінің мағынасын түсіндіру. Сұлулық арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз. Біз әдепті боламыз	Шаттық шеңберін орындайды
Ұ.І	Балалар сұлулық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Сұлулықы сендер қайдан ,неден көресіңдер? Әдетте біз сұлулықты адам бойынан көреміз. Сонымен бірге сұлулықты табиғаттан да көруге болады. Бейнетаспадан табиғат көріесің тамашалауға шақыру. Сергіту сәтін орындау. Балаларға табиғат көрінісінің суретін салуды ұсынады.	Табиғаттың сұлу көрінісін тамашалайды.
Р.Т	-Балалардың суреттерін жинақтап көрме жасау Баларды мақтау-мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Сұлулық туралы әңгімелейді

Түсінеді: Сұлулық мағынасын түсінеді

Қолданады: Табиғат сұлулығын суреттей

Күні:05.01.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Қайырымдылық

Мақсаты: Балаларды өзгелерге көмектесуге үйрету.Мейірімді,қайырымды болуға үйрету.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері «Сиқырлы текше»ойынын ұйымдастыру. «Қайырымды бала» әңгімесін оқып беру. Сабақ тақырыбына мазмұндас өлең оқу. Д/ойын Балаларға түрлі картиналар таратылып беріледі. Суреттерге қарап қандай қайырымды іс-әрекеттер жасауға болатынын айтады. Қайырымдылықты жалпы адамдарға тірі табиғатқа жасауға болады. Суретпен жұмыс. Өзінен кішіге көмек беру Құстарға қамқорлық жасау Үй жануарларына күтім жасау. Мұндағы іс-әрекеттер.	Әңгімені мұқият тындау.
Ұ.І	Оқу қызметін қортындылау. Баларды мақтап,мадақтау.	Сұраққа қарап әңгімелеу.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Сурет бойынша әңгімелейді

Түсінеді:Қайырымды бола білуді

Қолданады: Сұрақтарға жауап береді

Күні: 12.01.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Орманшы ертегісі бойынша

Мақсаты: Балаларды қоршаған ортаны танып білуге табиғатқа қамқор болуға, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к Қоз-к	Шаттық шеңбері Табиғат біздің анамыз Табиғатқа баламыз Иіліп сәлем береміз Біз әдепті баламыз -Балалар табиғат деген сөзді қалай түсінеміз? Табиғат нешеге бөлінеді?	Сұраққа жауап береді.
Ұ.І	Қарағай туралы ертегі айтып беру. Ертегі мазмұны бойынша әңгіме. Ертегі мазмұны бойынша әңгіме. Ертегі кім туралы? Кедей орманшы қандай адам? Бай адам қандай? Қарағай келеді байлыққа кенелтті неліктен. Ертедегі қай кәсіпкер сендерге ұнады?	Сұрақтарға жауап береді.
	Оқу қызметін қортындылау. Баларды мақтап, мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: Ертегіні мұқият тыңдайды.

Түсінеді: Ертегі мазмұнын түсіндіреді.

Қолданады: Ертегіні рөлге бөліп сахналайды.

Күні: 19.01.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы:Отаным- Алтыным бесігім.

Мақсаты: Отан туралы түсініктерін кеңейту. Патриоттық сезімдерін дамыту. Отан сүйеге тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к Қоз-қ	Е.Өтетілуовтың «Отан» Отан-Ана Отан-Атамекен -Балалар, біз бүгін сүйікті Отанымыз, отбасымыз,ауылымыз қаламыз, өскен ортамыз жайлы әңгімелесеміз. -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? Әр адамның өз Отаны болады. Отан- ол біздің туған жеріміз,жүретін жеріміз, отбасымыз. Отан біздің атамекеніміз Отан біздің табиғатымыз Айнала қоршаған ортамыз Біздің еліміз өте бай,өте әдемі.біздің Отанымыз Қазақстан. Тәрбиеші: Балаларға Бүркіт. Ысқақовтың « Сенің Отаның» өлеңін мәнерлеп оқып береді.	Балалар өлең жолын бірге қайталайды.
Ұ.І	Қортындылау Тәрбиеші: Б. Момышұлының сөзін бүгінгі сабақтың дәнекері ретінде түсіндіреді. Баларды мақтап ,мадақтау.	Балалардың жауабын тыңдайды. Тәрбиеші қортындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды Отан туралы түсініктері .

Түсінеді: біздің еліміз өте бай, өте әдемі.

Қолданады: Отаншыл болу отбасынан басталады..

Күні: 9.02.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Хаттар

Мақсаты: Балаларға ақпарат құралдарын пайдалана отырып, пайдалана білуге үйрету. Оның пайдасы туралы түсіндіру. Хат жазудың да өзіндік ережелері бар екендігін ұқтыру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к	Шаттық шеңбері Балаларға «Простаквашино »мультфилмін көрсету.Почтальон ойынын ойнату.	Балалар мультфильмді тамашалайды.Ойынға қызығушылықпен қатысады.
Ұ.І	Балаларға сұрақтар қою: 1.Хаттарды кімдерге жазамыз? 2.Хат тасығыш адам кім деп аталады? 3.Қазіргі кезде хаттардың қандай түрлері бар? Балаларға хатты тек қолмен жазудан басқа электронның көмегімен жазқға болатынын түсіндіру. Яғни интернет почтасының бар екенін компьютер арқылы да хаттар жіберуге болатынын айту. Балаларды ноутбук, компьютер, телефон,планшеттермен таныстыру.	Сұрақтарға жауап береді. компьютер, телефон, планшеттермен танысады.
Р.Т	Сұрақтар қоя отырып тақырыпты қортындылау. Балаларды бағалау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Ақпарат құралдарымен танысады.

Танытады: Хат жазу тәртібін түсінеді.

Қолданады: Хат түрлерін біледі.

Күні: 23.02.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Көлікте

Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру..: Көлікте , қоғамдық орында өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсінік беру. Үлкендерді сыйлауға , құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-қ	Шаттық шеңбері Ойын: «Көлік түрлерін атау»	Балалар бір-біріне жылулықтарын білдіреді.
Ұ.І	Топқа бөліну. -Балалар біз бүгін көліктер туралы әңгімелейміз. Сендер көлік түрлерін білесіңдер. -Балалар осы көліктердің бізге қандай пайдасы бар? Әр топқа суреттер беріледі. Балалар топтасып суреттегі көліктердің пайдасы туралы әңгімелейді. Балаларға теледидардан көліктер туралы бейнеролик тамашалату. Көлікте отырғанда қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек екенін түсіндіру. Ойын: «Кім қандай көлікті қалайды?»	Сурет бойынша әңгіме құрайды.
Р.Т	Сұрақтар қоя отырып тақырыпты қортындылау. Балаларды бағалау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көлік түрлерін біледі

Игереді: Қоғамдық орында әдептілік сақтауды.

Қолданады: Қауіпсіздік ережелерін

Күні: 02.03.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Мен шыншыл ұланмын

Мақсаты: Шыншылдық ұғымыны адамгершілік құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу. Шындық пен өтірікті ажырата білуге үйрету.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-қ	Шаттық шеңбері Күлімде күн, күлімде! Жер жасарып көгерсін! Кешегідей бүгін де Қанат қақсые көгершін	Д.Қанатбаев өлең жолдарын қайталайды.
Ұ.І	Әңгімелесу. Ғажайып сөздер. «Шыншылдық »дегенді қалай түсінесіңдер? -Шыншыл бала қандай болады? Шыншылдық –ол адалдықты,әділдікті білдіретін адамның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі. Ол жүрегіміз арқылы беріледі. Ертегі: «Түлкі мен ешкі» «Өтірікке алданба,басың бәлеге душар болар» Түлкінің әрекеті дұрыс па ? «Өтірік өрге баспайды» Тыныштық сәті	Шыншыл адамның жүрегі жылы ,мейірімді. Біз бір-бірімізге өтірік айтпауға Ешкімді алдамауға, тек шын сөйлеуді, әділ болуды үйренеміз, ертегіні тындап ,сұрақтара жауап береді.
Р.Т	Жағдаят талдау «Шыншыл бала-батыл бала» «Жүректен жүрекке» « Шындық шыңында » от мәңгі жанып тұрады.	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жақсы қасиеттерді

Игереді: Шыншыл бала болуды

Қолданады: Ғажайып сөздерді

Күні: 09.03.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Мен ұқыпты баламын

Мақсаты: Балалардың ұқыптылық туралы білімін бекіту. Өтірік айту жақсы қасиет емес екенін түсіндіру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к	Шаттық шеңбері Үлкенге де сіз Кішіге де сіз Бәріңізді құрметтеп Бас иеміз біз.	Өлеңді қосылып айтады.
Ұ.І	Тәрбиеші балаларға жалқау бала мен еңбекқор бала туралы өлең оқып береді. Сылдыр салақ жанаргүл Алайды енді Жақсыгүл Баладай ақ аңқау бір Ол достарын ұмытты Бола алмады ұқыпты Ойыншықтар құртыпты Қирап жатыр құланшық Кір кожалак қуыршак	Өлеңді мұқият тындайды.
Р.Т	Сұрақ- жауап арқылы білімдерін қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ұқыпты болу керектігін біледі

Игереді: Ұқыптылық туралы түсінік алады.

Қолданады: Заттарға қамқорлықпен қарауды үйренеді.

Күні: 16.03.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: «Мен көмекшімін!»

Мақсаты: Көмектесу адамгершілік екенін ұқтыру, бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру. Бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-қ	Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда Жолыққан бір жандарға Ертемен ақ пейілмен Қайырлы таң деймін мен!	Балалар өлеңді барлығы бірге айтады.
Ұ.І	Әнгімелеу. «Қолғанат» Т.Әбдірайымов -Жанар анасына қандай көмек көрсеткісі келді? -Анасы Жанардың бұл ісін қалай бағалады? -Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсете аласыңдар? Суретке қарап әңгіме құрастырады.	Сұрақтарға жауап береді. Әңгімені мұқият тыңдап суретке қарап әңгіме құрайды.
Р.Т	Сұрақтар қоя отырып тақырыпты қорытындылау. Мақтау, мадақтау..	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көмекші, көмек беру дегеннің не екенін біледі

Игереді: Көмектесудің адамгершілік екенін түсінеді

Қолданады: Үлкендерге, өзінен кішіге көмек қолы созуды үйренеді.

Күні: 06.04.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сен құрметте оны

Мақсаты: Үлкендерді сыйлауды, қамқор болуды үйрете отырып балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін ояту. Кішіпейіл болуға баулу..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-қ	Шаттық шеңбері «Жылы тілектер шоғы»	Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне жылы тілектер айтады.
Ұ.І	Суретпен жұмыс Балалар сурет бойынша кім құрай алады. Суретте әдепті, әдепсіз қылық көрсетіп тұрған балалар бейнеленген. Балалардың жауаптарын тыңдап толықтыру. Үлкендерге қалай құрмет көрсетуге болатынын түсіндіру. Ойын: «Ізгі сөздер» Сергіту сәтін өткізу	Балалардың жауаптары Бәлетін ізгі сөздерді айтады, қимылмен көрсетеді
Р.Т	Балалар үлкен адамдарды қалай құрметтеу керек екен ? Қадай ізгі сөздерді айтуымыз керек екен? Сұрақ –жауап арқылы білімдерін қорытындылау..	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үлкендерді құрметтеу керек екенін біледі.

Игереді: Құрмет тұту, құрметтеу ұғымдарының мағынасын түсінеді

Қолданады: Өз-өздерін , достарының үлкендерді құрметтей біледі.

Күні: 13.04.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сен құрметте оны

Мақсаты: Үлкендерді сыйлауды, қамқор болуды үйрете отырып балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін ояту. Кішіпейіл болуға баулу..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к	Шаттық шеңбері «Жылы тілектер шоғы»	Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне жылы тілектер айтады.
Ұ.І	Суретпен жұмыс Балалар сурет бойынша кім құрай алады. Суретте әдепті, әдепсіз қылық көрсетіп тұрған балалар бейнеленген. Балалардың жауаптарын тыңдап толықтыру. Үлкендерге қалай құрмет көрсетуге болатынын түсіндіру. Ойын: «Ізгі сөздер» Сергіту сәтін өткізу	Балалардың жауаптары Бәлетін ізгі сөздерді айтады, қимылмен көрсетеді
Р.Т	Балалар үлкен адамдарды қалай құрметтеу керек екен ? Қадай ізгі сөздерді айтуымыз керек екен? Сұрақ –жауап арқылы білімдерін қорытындылау..	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үлкендерді құрметтеу керек екенін біледі.

Игереді: Құрмет тұту, құрметтеу ұғымдарының мағынасын түсінеді

Қолданады: Өз-өздерін , достарының үлкендерді құрметтей біледі.

Күні: 20.04.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Сен құрметте оны

Мақсаты: Үлкендерді сыйлауды, қамқор болуды үйрете отырып балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін ояту. Кішіпейіл болуға баулу..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-к	Шаттық шеңбері «Жылы тілектер шоғы»	Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне жылы тілектер айтады.
Ұ.І	Суретпен жұмыс Балалар сурет бойынша кім құрай алады. Суретте әдепті, әдепсіз қылық көрсетіп тұрған балалар бейнеленген. Балалардың жауаптарын тындап толықтыру. Үлкендерге қалай құрмет көрсетуге болатынын түсіндіру. Ойын: «Ізгі сөздер» Сергіту сәтін өткізу	Балалардың жауаптары Бәлетін ізгі сөздерді айтады, қимылмен көрсетеді
Р.Т	Балалар үлкен адамдарды қалай құрметтеу керек екен ? Қадай ізгі сөздерді айтуымыз керек екен? Сұрақ –жауап арқылы білімдерін қорытындылау..	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үлкендерді құрметтеу керек екенін біледі.

Игереді: Құрмет тұту, құрметтеу ұғымдарының мағынасын түсінеді

Қолданады: Өз-өздерін , достарының үлкендерді құрметтей біледі.

Күні: 27.04.2022ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: «Көшеден өту»

Мақсаты: Балаларға көшеден өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін, көшеде өзін-өзі ұстау әдебі туралы түсінік беру.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мот-қ	Шаттық шеңбері «Жылы тілектер шоғы»	Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне жылы тілектер айтады.
Ұ.І	Суретпен жұмыс Балалар суреттен нені көріп тұрсындар? Асан жол ережесін сақтап өтіп бара жатыр ма? Асанның үлкен кісіеі жолдан өткізуге тырысқаны дұрыс па? Көшеде жүргенде қалай жүру керек екен? Қандай қауіпсіздік ережелерін білесіңдер? Ойын: «Бағдаршам» Шарты: бағдаршам көздеріне сәйкес қимылдар жасату.	Сұрақтарға жауап беріп сурет бойынша әңгіме құрайды. Ойынға белсене қатысады.
Р.Т	Сұрақтар қоя отырып тақырыпты қорытындылау..	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін біледі.

Игереді: Қауіпсіздік ережелерінің маңыздылығын түсінеді.

Қолданады: Көшеде жүру әдебін біледі.

Күні: 4.05.2022 ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Мен шыншыл ұланмын

Мақсаты: Шыншылдық ұғымының адамгершілік құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу. Шындық пен өтірікті ажырата білуге үйрету, адал, шыншыл болуға үйрету.

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Шаттық шеңбері жағымды күйге келу. Күлімде күн күлімде! Жер жасырып көгерсін! Кешегідей бүгінде. Қанат қаксын көгершін	Д.Қанатбаев өлең жолдарын қайталайды.
Ұ.І	Әңгімелесу. Ғажайып сөздер-«Шыншылдық» дегенді қалай түсінесіңдер? -Шыншыл бала қандай болады? Шыншылдық-ол адалдықты, әділдікті білдіретін адамның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі. Ол жүрегіміз арқылы беріледі Ертегі: «Түлкі мен ешкі» «Өтірікке алданба, басың бәлеге дуашар болар» түлкінің іс әрекеті дұрыспа? «Өтірік өрге баспайды» Тыныштық сәті:	Шыншыл адамның жүрегі жылы мейірімді. Біз бір-бірімізге өтірік айтпауға ешкімді алдамауға, тек шын сөйлеуді әділ болуды үйреніміз, ертегіні тындап, сұрақтарға жауап береді .
Р.Т	Жағдаят талдау «Шыншыл бала –батыл бала» «Жүректен жүрекке» «Шындық шыңында» от мәңгі жаңып тұрады.	

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: жақсы қасиеттерді

Түсінеді: шыншыл бала болуды

Қолданады: ғажайып сөздерді

Күні: 11.05.2022 ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Мен елімнің кішкентай азаматымын.

Мақсаты: Балаларды Отанға деген мақтаныш, патриоттық сезімін дамыту. Отанды сүйу отбасынан басталады..

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Психологиялық сәт: «Үлкенге де сіз» шеңберінде көңілдері көтеріңкі болады. Балалар «Азамат» деген сөзді қалай түсінесіңдер? «Азамат» қандай құқығы мен міндеті бар екенін түсінесіңдер?	Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады, көңілдерін көтереді.
Ұ.І	Әр азаматтың бір құқығы болса екі міндетті болады, қазір біз білім алып оқысақ ертең Қазақстанның нағыз азаматы боламыз. Әңгімелеу «Менің отаным» Қ.Игілік Әңгімені оқып беріп, сұрақтар қоямыз. Бекжанның басқа балалардан қандай ерекшелігі бар? Қалай ойлайсыңдар? Бекжанның ерекше сезімге бөленуі неліктен? Сергіту сәті: дәптермен жұмыс «Сүйем сені, туған өлкем» Суретке қарап әңгімеге қарап әңгіме құрастырыңдар.	Балалардың жауаптары Қимылдар жасайды.
Р.Т	Ғажайып сөздер: «Менің отаным-Қазақстан» «Мен елімнің кішкентай азаматымын» Жүректен жүрекке Әнұранды орындайды	

Күтілетін нәтиже:

Біледі : Отанын сүйе біледі

Игереді : Нағыз азамат дегенді түсінеді

Қолданады: Суретке қарап әңгімелей алады

Күні: 18.05.2022 ж

Білім беру саласы: Әлеумет.

Оқу қызмет түрі: Әлеуметтік әліппесі.

Тақырыбы: Мен елімнің кішкентай азаматымын.

Мақсаты: Балаларды Отанға деген мақтаныш, патриоттық сезімін дамыту. Отанды сүйу отбасынан басталады..

Оқу қызмет кезендері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
М.Қ	Психологиялық сәт: «Үлкенге де сіз» шеңберінде көңілдері көтеріңкі болады. Балалар «Азамат» деген сөзді қалай түсінесіңдер? «Азамат» қандай құқығы мен міндеті бар екенін түсінесіңдер?	Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады, көңілдерін көтереді.
Ұ.І	Әр азаматтың бір құқығы болса екі міндетті болады, қазір біз білім алып оқысақ ертең Қазақстанның нағыз азаматы боламыз. Әңгімелеу «Менің отаным» Қ.Игілік Әңгімені оқып беріп, сұрақтар қоямыз. Бекжанның басқа балалардан қандай ерекшелігі бар? Қалай ойлайсыңдар? Бекжанның ерекше сезімге бөленуі неліктен? Сергіту сәті: дәптермен жұмыс «Сүйем сені, туған өлкем» Суретке қарап әңгімеге қарап әңгіме құрастырыңдар.	Балалардың жауаптары Қимылдар жасайды.
Р.Т	Ғажайып сөздер: «Менің отаным-Қазақстан» «Мен елімнің кішкентай азаматымын» Жүректен жүрекке Әнұранды орындайды	

Күтілетін нәтиже:

Біледі : Отанын сүйе біледі

Игереді : Нағыз азамат дегенді түсінеді

Қолданады: Суретке қарап әңгімелей алады